

Қазақстан Республикасында балаларға хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 15 мамырдағы № 81 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 18 мамырда № 32524 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 32) тармақшасына және 138-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында балаларға хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасында балаларға хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-152 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19817 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын сақтау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 15 мамырдағы
№ 81 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасында балаларға хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында балаларға хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына және 138-бабына сәйкес әзірленді және меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдарында амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда туғаннан бастап 18 жасқа толғанға дейін хирургиялық аурулары бар балаларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру процестеріне қойылатын талаптар мен қағидаларды белгілейді.

2. Осы Стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) бейінді маман - жоғары медициналық білімі бар, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

2) медициналық көмек көрсетудің бірінші деңгейі - медициналық-санитариялық алғашқы көмек мамандарының амбулаториялық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде медициналық көмек көрсету деңгейі;

3) бала (балалар) - он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам;

4) медициналық көмек көрсетудің екінші деңгейі - мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші деңгейде медициналық көмек көрсететін мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі;

5) Емдеуге жатқызу бюросы порталы (бұдан әрі – Портал) – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерді стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу жолдамаларын электрондық тіркеудің, есепке алудың, өңдеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

6) жедел медициналық жәрдем - өмірге қатер төндіретін жіті аурулар мен жай-күйлер кезінде, сондай-ақ оқиға орнында және (немесе) медициналық ұйымға бару жолында денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау үшін шұғыл және кезек күттірмейтін нысанда медициналық көмекті ұйымдастыру жүйесі;

7) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет - диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурсты қажет ететін және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсетілетін қызмет;

8) кезек күттірмейтін медициналық көмек – пациенттің өміріне анық қатер төндірмейтін, кенеттен болған жіті аурулар, жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсететін медициналық көмек;

9) мамандандырылған медициналық көмек – диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін қажет ететін аурулар кезінде, оның ішінде қашықтықтан медициналық қызметтер көрсету құралдарын пайдалана отырып бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек;

10) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

11) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

12) медициналық көмек көрсетудің үшінші деңгейі - жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді қолдана отырып, мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші және екінші деңгейлердегі мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі;

13) шұғыл медициналық көмек – денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек.

3. Балаларға хирургиялық көмек көрсету:

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысына сәйкес ;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысына сәйкес;

"Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" (ақылы медициналық қызметтер) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

4. Балаларға хирургиялық көмек мамандандырылған медициналық көмекке, оның ішінде жоғары технологиялық көмекке жатады және диагностиканың, емдеудің,

медициналық оңалтудың арнайы әдістерін талап ететін аурулар кезінде, оның ішінде " Қашықтықтан медициналық қызметтерді ұйымдастыру, ұсыну және ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № ҚР ДСМ-12 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22151 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес қашықтықтан медициналық көрсетілетін қызметтерді пайдалана отырып бейінді мамандар көрсетеді.

5. Балаларға хирургиялық көмек көрсету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына (бұдан әрі – КХ) және осы Стандартқа сәйкес жүргізіледі.

6. Балаларға хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары " Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) сәйкес денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын жүргізуді қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7. Балаларға хирургиялық көмек Кодекстің 117-бабына сәйкес шұғыл, кезек күттірмейтін және жоспарлы нысандарда және Кодекстің 118-бабына сәйкес амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда көрсетіледі.

8. "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген) сәйкес "Балалар хирургиясы" (бұдан әрі – балалар хирургі) мамандығы бойынша дәрігерлер, сондай-ақ кеңейтілген практика мейіргері, жалпы практика мейіргер, мамандандырылған мейіргер балаларға хирургиялық көмек көрсетеді.

9. Балаларға хирургиялық араласулар "Инвазиялық араласулар кезінде пациенттің ерікті түрдегі жазбаша келісімінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 20 мамырдағы № 364 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11386 болып тіркелген) бекітілген нысан және № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген стационарларда қолданылатын медициналық есепке алу құжаттамасы нысанының стационарлық пациенттің медициналық картасына 3-қосымша парақ бойынша, Кодекстің 145-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, операциядан кейінгі мінез-құлық және операциядан кейінгі кезеңдегі денсаулық жағдайының өзгеруі туралы балалар хирургіне уақтылы хабарлау қажеттілігі туралы егжей-тегжейлі

нұсқама жүргізе отырып, заңды өкілдердің ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін жүргізіледі.

10. Мүмкін болатын салдарларды көрсете отырып, хирургиялық араласудан бас тарту медициналық құжаттарда, оның ішінде электрондық форматта жазумен ресімделеді және оған Кодекстің 136-бабына сәйкес баланың заңды өкілдері, сондай-ақ балалар хирургі қол қояды.

11. Заңды өкілдер балаларға хирургиялық көмекке қол қоюдан бас тартқан кезде бұл туралы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 001/у "Стационарлық пациенттің медициналық картасы" және № 052/у "Амбулаториялық пациенттің медициналық картасы" нысандары бойынша тиісті жазба жүзеге асырылады, оған балалар хирургі қол қояды.

12. Балаларға қатысты физикалық зорлық-зомбылық фактілері анықталған кезде балаларға хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы ішкі істер органдарына ақпарат (шұғыл хабарлама) беруге міндетті.

2-тарау. Балаларға хирургиялық көмек көрсететін ұйымдардың құрылымы

13. Балаларға хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру Кодекстің 116-бабына сәйкес үш деңгей бойынша жүргізіледі:

1) бірінші деңгейде:

амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелеріндегі балалар хирургі кабинетінде (бұдан әрі – Кабинет) (Республикалық маңызы бар қалаларда және астанада көпбейінді аурухананың немесе қалалық емхананың құрылымдық бөлімшесі ретінде аудандық, қалалық, консультативтік-диагностикалық орталықта);

2) екінші деңгейде:

амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелерінде (республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы көпбейінді аурухананың немесе қалалық емхананың құрылымдық бөлімшесі ретінде қалалық, консультациялық-диагностикалық орталықта) және стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелерінде (қалалық және облыстық көпбейінді балалар ауруханалары жанындағы консультациялық-диагностикалық бөлімше); балаларға стационарды алмастыратын көмек көрсету үшін амбулаториялық хирургия орталығында (бұдан әрі – АХО);

стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы балалар хирургиялық төсектері (аудандық ауруханалар);

қалалық және облыстық деңгейлерде стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы неонаталдық хирургиялық төсектер (бөлімше) (республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы көпбейінді қалалық балалар ауруханасы; облыс

орталығында құрылатын көпбейінді облыстық балалар ауруханасы; перинаталдық көмекті өңірлендірудің үшінші деңгейіндегі босандыру ұйымдары);

қалалық және облыстық деңгейлерде стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы балалар хирургиялық бөлімшесі (республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы көпбейінді қалалық балалар ауруханасы, облыс орталығында құрылатын көпбейінді облыстық балалар ауруханасы).

3) үшінші деңгейде:

денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарда, республикалық денсаулық сақтау ұйымдарында стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы неонаталдық хирургиялық төсектер (бөлімше);

қалалық және облыстық деңгейлерде стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы (республикалық маңызы бар қалалар мен астанада көпбейінді қалалық балалар ауруханасы, облыс орталығында құрылатын көпбейінді облыстық балалар ауруханасы), денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдардағы, мамандандырылған балалар хирургиялық көмегін, оның ішінде хирургиялық аурудың бейініне байланысты жоғары технологиялық көмекті көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымдарындағы балалар хирургиялық бөлімшесі.

3-тарау. Балаларға хирургиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары

14. Балаларға хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары:

1) балалардағы хирургиялық аурулардың диагностикасы, емдеу, профилактикасы;

2) мамандандырылған балаларға арналған хирургиялық көмек, оның ішінде амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде, медициналық ұйымнан тыс жерде: жедел медициналық көмек бригадасын шақыру орны бойынша, санитариялық автокөлікте және тасымалдау кезінде медициналық авиацияда, сондай-ақ медициналық поездарда, жылжымалы (далалық) медициналық кешендерде, далалық госпитальдарда, трассалық медициналық-құтқару пункттерінде және қашықтықтан медициналық қызмет көрсету кезінде жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдана отырып көрсету;

3) хирургиялық аурулары бар балаларға консультациялық-диагностикалық көмек;

4) хирургиялық араласудан өткен балаларды қарап-тексеру және динамикалық байқау;

5) шұғыл медициналық көмек көрсетуді талап ететін балалар хирургиялық ауруларының сырқаттанушылығын төмендету үшін профилактикалық іс-шараларды өзірлеу;

6) ағзаның бұзылған функцияларын қалпына келтіру, мүгедектікті төмендету мақсатында хирургиялық аурулары бар балаларға медициналық оңалту жүргізу.

7) диагностика мен емдеудің инновациялық, тиімді әдістерін балалардың хирургиялық практикасына енгізу;

8) аудандық, қалалық, облыстық және республикалық деңгейлерде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары арасындағы жұмыста сабақтастықты қамтамасыз ету.

4-тарау. Балаларға хирургиялық көмек көрсетудің деңгейлері, түрлері, нысандары мен шарттары бөлінісінде оны көрсету тәртібі

15. Балаларға хирургиялық көмек көрсету тәртібі осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес диагностикалық және емдеу іс-шараларының көлеміне сәйкес ұйымдастырылады және көрсетіледі.

1-параграф. Балаларға амбулаториялық және стационарды алмастыратын жағдайларда балаларға арналған хирургиялық көмек көрсету

16. Амбулаториялық жағдайларда балаларға хирургиялық көмекті диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін талап ететін аурулар кезінде, оның ішінде № ҚР ДСМ-12 бұйрығына сәйкес қашықтықтан медициналық қызмет көрсету құралдарын пайдалана отырып, консультациялық-диагностикалық көмек, стационарды алмастыратын көмек түрінде балалар хирургтері екі тәсілмен көрсетеді:

- 1) оперативті (хирургиялық);
- 2) оперативті емес (консервативті).

17. Хирургиялық аурулары бар балаларға амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек "Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмекке енгізілген емшаралар мен манипуляциялар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-136/2020 бұйрығына сәйкес ұсынылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21470 болып тіркелген).

18. Хирургиялық аурулары бар балаларға стационарды алмастыратын жағдайларда балалар хирургиялық көмегі "Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32740 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.12.2024 № 102 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Амбулаториялық жағдайларда балаларға хирургиялық көмекті балалар хирургтері Кабинетте, сондай-ақ АХО-да жүзеге асырады.

20. Стационарды алмастыратын жағдайларда балаларға хирургиялық көмекті АХО-дағы балалар хирургтары жүзеге асырады.

21. Кабинеттің балалар хирургі:

1) Құрамында Кабинет жұмыс істейтін денсаулық сақтау ұйымының емдеу-диагностикалық және қосалқы бөлімшелерінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, хирургиялық аурулардың профилактикасын, диагностикасын және емдеуді;

2) хирургиялық араласудан өткен балаларды динамикалық байқауды;

3) "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына сәйкес қызмет көрсетілетін аумақта балаларды профилактикалық қарап-тексеруді жүргізуді; (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген);

4) балалардағы хирургиялық аурулардың профилактикасы және ерте диагностикасы және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша халықпен санитарлық-ағарту жұмысын;

5) медициналық көрсетілімдер болған кезде балаларды стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету үшін жіберуді;

6) мүгедектікті белгілеу үшін балаларды медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберуді жүзеге асырады.

22. АХО құрылымында: қарап-тексеру кабинеті; күту бөлмесі; палаталар, оның ішінде бір орындық (оқшаулағыш); операциядан кейінгі палаталар; операциялық немесе операциялық блок (қажет болған жағдайда); ояту палатасы (қажет болған жағдайда); таңу бөлмесі; ем-шара; таңу (гипс) және қосалқы үй-жайлар көзделген.

23. АХО өзі ұйымдастырылған денсаулық сақтау ұйымының мүмкіндіктерін пайдаланады (зертханалық диагностика, ультрадыбыстық диагностика, эндоскопия, рентгенологиялық, бактериологиялық, гистологиялық зерттеулер, мамандардың кеңестері).

24. АХО жоспарлы және шұғыл түрде мамандандырылған хирургиялық көмек көрсетеді;

25. АХО -ға емдеуге жатқызу зертханалық, аспаптық зерттеулердің нәтижелері және медициналық көрсетілімдер бойынша бейінді мамандардың қорытындылары бар медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының (бұдан әрі – МСАК) жолдамасы бойынша балалар хирургінің консультациялық қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

26. АХО-да келесі хирургиялық аурулары бар балалар хирургиялық араласуға жатады:

1) іштің алдыңғы қабырғасының грыжалары (шап, шап-ұма, кіндік, іштің ортаңғы сызығы);

2) аталық без және ұрықтың енбау шемені қабықтарының тамшылары мен кисталары;

3) фимоз;

4) шағын өлшемді жұмсақ тінді қатерсіз ісіктер;

5) кіріп кеткен тырнақ.

27. АХО деңгейіндегі балаларға хирургиялық көмек:

1) консультациялық-диагностикалық көмек көрсету, туа біткен даму ақаулары бар және жүре пайда болған хирургиялық аурулары бар балаларды емдеу;

2) аурудың асқынуы мен қайталануын болдырмау мақсатында хирургиялық араласудың аз инвазивті әдістемелерін қолдану;

3) шұғыл медициналық араласуды талап ететін жіті жағдайлар және (немесе) хирургиялық аурулар кезінде шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету, ал стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді талап ететін жағдайларда балаларды тәулік бойы кезек күттірмейтін медициналық көмек қамтамасыз етілетін хирургиялық бөлімшеге жіберуді көздейді.

28. Баланың АХО-да болуы 8 (сегіз) сағаттан аспайды, оның барысында ол № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес қарап-тексеруді, хирургиялық араласуды, операциядан кейінгі қарап-тексеруді және шығаруды қоса алғанда, қажетті емдеу-диагностикалық іс-шаралар спектрін алады.

29. Балалар хирургі заңды өкілдерге бала күтімі, белсенді өмір салты, ауыр физикалық белсенділікті шектеу бойынша қажетті ұсыныстар береді.

Қайта тексеру хирургиялық араласудан кейінгі 7 (жетінші) тәулікте жүзеге асырылады.

2-параграф. Стационарлық жағдайда балаларға хирургиялық көмек көрсету

30. Стационарлық жағдайларда балаларға хирургиялық көмекті "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР ДСМ-27 бұйрығына сәйкес балаларға хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары ұсынады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) (бұдан әрі – Бұйрық № ҚР ДСМ-27).

31. Стационарлық жағдайларда балаларға хирургиялық көмек көрсетудің екінші деңгейінде балалар хирургтары өмірлік көрсеткіштер бойынша шұғыл көмек көрсетеді – шокқа қарсы және реанимациялық терапияның базалық кешені, іш қуысы, кеуде қуысы органдарының шұғыл хирургиялық аурулары кезінде хирургиялық араласу – кернеулі пневмотораксты жою, жараларды бастапқы хирургиялық өңдеу, шағын операциялар, сондай-ақ жоспарлы тәртіппен хирургиялық араласуды қажет ететін

негізгі хирургиялық ауруларды емдеу және мейіргерлік күтім (тиісті білікті кадрлар мен қажетті жабдықтар болған кезде):

- кіндік сақинасы мен параумбиликальды аймақтың жарығы;
- шап каналының грыжасы;
- варикоцеле;
- іріңді-қабыну аурулары.

32. Стационарлық жағдайда балаларға хирургиялық көмек көрсетудің үшінші деңгейінде балаларға хирургиялық көмек Жалпы балалар хирургиясы, нейрохирургия, травматология және ортопедия (комбустриология), урология, жақсүйек-бет хирургиясы, отоларингология, офтальмология, кардиохирургия, іріңді хирургия (денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарды және республикалық денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда) бейіндері бойынша ұсынылады.

33. Балаларды емдеуге жатқызу тәулік бойы медициналық бақылаумен мамандандырылған және жоғары технологиялық балалар хирургиялық көмегін көрсету қажет болған кезде жүзеге асырылады.

34. Стационарлық жағдайларда хирургиялық араласуды жүргізуге медициналық көрсетілімдер болған кезде балалар хирургі баланың заңды өкілдеріне тиісті консультациялық қорытынды береді, хирургиялық араласудың жоспарланған көлемі, алдын ала дайындық туралы егжей-тегжейлі нұсқау береді және баланы қажетті тексерудің (талдаулардың) тізбесін, қажет болған жағдайда бейінді мамандардың консультациялық қорытындыларын және педиатрдың немесе жалпы практика дәрігерінің баланың денсаулық жағдайы және инфекциялық науқастармен байланыстың болмауы туралы қорытындысын ұсынады.

35. Хирургиялық аурулары бар балаларды емдеуге жатқызу:

1) жоспарлы нысанда – МСАК мамандарының немесе ТМККК шеңберінде балаларға хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының жолдамасы бойынша;

2) шұғыл нысанда - мамандандырылған балалар хирургиялық көмегін көрсету үшін медициналық көрсетілімдер болған кезде жүргізіледі.

36. Стационардағы балалар хирургі келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) КХ сәйкес зерттеудің қажетті зертханалық-аспаптық әдістерін қолдана отырып, уақтылы диагностика жүргізу;

2) емдеу-қорғау режимін, эпидемияға қарсы іс-шараларды құруды және ауруханашілік инфекцияның профилактикасын қамтамасыз ету;

3) емдеуге жатқызылған балаларды күнделікті аралауды жүргізу, бөлімше меңгерушісімен аралауға қатысу;

4) медициналық айғақтар болған кезде бейінді мамандардың, консилиумдардың консультацияларын ұйымдастыру;

5) медициналық айғақтар мен тиісті қорытынды болған кезде медициналық көмек көрсетудің неғұрлым жоғары деңгейіне уақтылы ауысу;

6) бейіні бойынша сырқаттанушылыққа талдау жүргізу және профилактикалық іс-шараларды әзірлеу;

7) патологиялық-анатомиялық және клиникалық конференцияларға қатысу.

37. Қабылдау бөлімінде балалар хирургі тәулік бойы көмек көрсетеді.

Триаж-жүйе бойынша медициналық сұрыптауды жүргізеді, баланың жалпы жай-күйін, объективті мәртебесін бағалайды, шұғыл медициналық көмек көрсетеді, диагнозды нақтылау үшін қосымша зертханалық және аспаптық зерттеулердің қажеттілігін айқындайды және медициналық көрсетілімдер болған кезде баланы тиісті бөлімшеге жатқызуды жүзеге асырады.

38. Баланың жағдайын динамикада бағалау қажет болған жағдайда диагнозды верификациялау үшін шұғыл емдеу-диагностикалық іс-шаралар кешенін жүргізе отырып, № ҚР ДСМ-27 бұйрығына сәйкес екі сағаттан тәулікке дейінгі кезеңде стационардың қабылдау бөлімшесінің диагностикалық палатасында бақылау жүзеге асырылады.

39. Шұғыл көрсетілімдер бойынша хирургиялық араласуды балалар хирургтарының операциялық тобы стационарға түскен және диагноз қойылған сәттен бастап екі сағаттан кешіктірмей жүзеге асырады.

40. Кезекші балалар хирургі стационар бойынша жауапты кезекші дәрігердің келісімі бойынша операцияның басталу уақытын белгілейді.

Хирургтер бригадасын қалыптастыруды жауапты кезекші дәрігер жүзеге асырады.

41. Анестезиологиялық әдісті жүргізе отырып, хирургиялық араласуды жүргізуге медициналық көрсетілімдер болған кезде операциялық-анестезиологиялық тәуекел дәрежесі айқындалады.

42. Операциялық-анестезиологиялық тәуекел дәрежесін айқындау, анестезия әдісін таңдау және операция алдындағы даярлықты жүргізу "Анестезиология және реаниматология" (балалар) дәрігер мамандығы бойынша № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

43. Хирургиялық араласу процесінде іш, плевра қуыстарына, сондай-ақ абсцесс қуыстарына хирургиялық араласу жүргізу кезінде балалар хирургі кейіннен бактериологиялық зерттеуге және бактерияға қарсы препараттарға сезімталдықты анықтауға, сондай-ақ патоморфологиялық және гистологиялық зерттеуге жіберу үшін биологиялық материал (бұдан әрі – биоматериал) алуды жүргізеді.

44. Жалпы анестезиямен хирургиялық араласудан кейін бала ояту палатасында немесе реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде, № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес медицина қызметкерлерінің (дәрігер (бейінді маман), "Анестезиология және қарқынды терапиядағы мейіргер ісі" тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өткен мейіргердің) бақылауында болады.

45. Диагнозды верификациялау, жүргізу тактикасын айқындау қиын болған кезде № ҚР ДСМ-12 бұйрығына сәйкес телемедициналық желі арқылы бейінді республикалық ұйымдармен консультация беру мүмкіндіктері пайдаланылады.

46. Төмен тұрған деңгейдегі денсаулық сақтауды ұйымдастыру жағдайында білікті балалар хирургиялық көмегін көрсету мүмкін болмаған кезде баланы медициналық авиация көлігімен "өзіне" қағидаты бойынша жоғары деңгейге ауыстыру жүзеге асырылады.

47. Баланы ауыстыру туралы шешім қабылданғаннан кейін көлік бригадасымен және жаңа туған нәрестені қабылдайтын денсаулық сақтау ұйымының мамандарымен бірлесіп пациент орналасқан денсаулық сақтау ұйымының балалар хирургі көлікке дейінгі дайындықты жүргізеді.

48. Жіті хирургиялық аурулары бар балаларды бейінді емес стационарлардан ауыстыру медициналық көрсетілімдер және балаларға хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы балалар хирургінің тиісті қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

49. Балаларға хирургиялық көмек көрсетудің жоғары деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарының мамандары төменгі деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарына консультациялық-диагностикалық көмек көрсетеді.

5-тарау. Балалар хирургиялық қызметі қызметкерлерінің ең аз штаты

50. Балалар хирургиялық қызметі қызметкерлерінің ең аз штаты осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

6-тарау. Медициналық бұйымдармен ең аз жарақтандыру

51. Балаларға хирургиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен ең аз жарақтандыру осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Қазақстан Республикасында
балаларға хирургиялық
көмек көрсетуді ұйымдастыру
стандартына
1-қосымша

Балаларға хирургиялық көмек көрсету деңгейлері бойынша диагностикалық және емдеу іс-шараларының көлемі

Хирургиялық көмек көрсету деңгейлері	Диагностикалық іс-шаралар тізбесі	Емдеу іс-шараларының тізбесі
1. Бірінші деңгейі		1. Жалпы әсер ететін анальгетиктермен ауырсынуды басу.

<p>- Республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы көпбейінді аурухананың немесе қалалық емхананың құрылымдық бөлімшесі ретінде аудандық, қалалық, консультативтік-диагностикалық орталықтағы балалар хирургінің кабинеті.</p>	<p>1. Шағымдарды, анамнезді жинау. 2. Физикалық қарап-тексеру: жүрек соғу жиілігін, тыныс алу жиілігінің антропометриясы, қан қысымын өлшеу, пальпация, перкуссия, аускультация, сүйек-буын жүйесін қарап-тексеру. 3. Зертханалық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша): жалпы қан талдауы, жалпы зәр талдауы, биохимиялық қан талдауы (жалпы ақуыз, мочевиана, креатинин, билирубин, глюкоза, аланинаминотрансфераза, аспаратаминотрансфераза), коагулограмма (протромбин индексі, коагуляция уақыты, қан кету ұзақтығы), электролиттер. 4. Аспаптық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша): (ультрадыбыстық зерттеу, ультрадыбыстық доплерография, кеуде қуысының шолу рентгенографиясы, іш қуысының шолу рентгенографиясы, бронхоскопия, эзофагогастродуоденоскопия, колоноскопия).</p>	<p>2. Асептикалық таңғышты қолдану. 3. Қан кетуді тоқтату. 4. Венепункция. 5. Аудандық, көпбейінді қалалық, облыстық балалар ауруханаларына жолдама және / немесе тасымалдау. 6. Шағын және үлкен операциялардан кейін науқастарды амбулаториялық емдеу (қарап-тексеру, бақылау, таңу, тігістерді алу). 7. Шағын операциялар (1 жастан асқан балаларға): - Гематоманы ашу фурункулды ашу (бір ретік; бет аймағынан басқа) - панарицийді ашу (асқынбаған); - пункция, абсцессті ашу; - гематоманы ашу; - ірінді гематоманы ашу; - гидраденитті ашу; - ірінді эвакуациялау, санация; операциядан кейін ірінді жараны дренаждау; - көлемі шағын жұмсақ тінді қатерсіз ісіктерді алып тастау; - Тырнақ пластинасын алып тастау/түзету; - Бұнақжіпті жыланкөзді кесіп алып тастау; - Анусты сүмбілеу; - Тері/тері астындағы тіндердің патологиясын және/немесе ісіктерін лазерлік коагуляциялау; - Тері патологиясы мен ісіктерінің диатермокоагуляциясы; - Жараны/күйікті хирургиялық өндеу; - Гипсті таңу; - Қуықты жуу; - Парафимозды түзету; - Циркумцизия; - тігістерді алу.</p>
<p>2. Екінші деңгей</p>		
		<p>1. Жалпы әсер ететін анальгетиктермен ауырсынуды басу. 2. Асептикалық таңғышты қолдану. 3. Қан кетуді тоқтату.</p>

- Денсаулық сақтау ұйымдарында балаларға стационарды алмастыратын көмек көрсету үшін амбулаториялық хирургия орталығында (бұдан әрі - АХО); - амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін құрылымдық бөлімшелерде (республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы көпбейінді аурухананың немесе қалалық емхананың құрылымдық бөлімшесі ретінде қалалық, консультациялық-диагностикалық орталықта) және денсаулық сақтау ұйымдарында;- стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін құрылымдық бөлімшелерде (қалалық және облыстық көпбейінді балалар ауруханалары жанындағы консультациялық-диагностикалық бөлімше)

1. Шағымдарды, анамнезді жинау.

2. Физикалық қарап-тексеру: жүрек соғу жиілігін, тыныс алу жиілігінің антропометриясы, қан қысымын өлшеу, пальпация, перкуссия, аускультация, сүйек-буын жүйесін қарап-тексеру .

3. Зертханалық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша): жалпы қан талдауы, жалпы зәр талдауы, биохимиялық қан талдауы (жалпы ақуыз, мочевина, креатинин, билирубин, глюкоза, аланинаминотрансфераза, аспаратаминотрансфераза), коагулограмма (протромбин индексі, коагуляция уақыты, қан кету ұзақтығы), электролиттер.

4. Аспаптық зерттеулер (көрсетілімдер бойынша): (ультрадыбыстық зерттеу, ультрадыбыстық доплерография, кеуде қуысының шолу рентгенографиясы, іш қуысының шолу рентгенографиясы, бронхоскопия, эзофагогастродуоденоскопия, колоноскопия).

4. Венепункция.

5. Аудандық, көпбейінді қалалық, облыстық балалар ауруханаларына жолдама және / немесе тасымалдау.

6. Шағын және үлкен операциялардан кейін науқастарды амбулаториялық емдеу (қарап-тексеру, бақылау, таңу, тігістерді алу).

7. Шағын операциялар (1 жастан асқан балаларға):

- Гематоманы ашу, фурункулды ашу (бір реттік; бет аймағынан басқа)

- панарицийді ашу (асқынбаған);

- пункция, абсцессті ашу;

- гематоманы ашу;

- іріңді гематоманы ашу;

- гидраденитті ашу;

- іріңді эвакуациялау, санация; операциядан кейін іріңді жараны дренаждау;

- көлемі шағын жұмсақ тінді қатерсіз ісіктерді алып тастау;

- Тырнақ пластинасын алып тастау/түзету

